

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Теледидар кронштейні
ТВ-90Т

DEXP

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімдерді таңдағаныңыз үшін рахмет.

Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

ТД кронштейні - теледидарды қабырғаға ілуге арналған бұйым.

Сақтық шаралары

- Салмағы көрсетілген есептелген салмақтан асатын теледидарлары бар кронштейнді пайдалану тұрақсыз бекітуге және ықтимал зақымға әкелуі мүмкін. VESA стандарттарына, теледидардың максималды салмағына және экран диагоналіне назар аударыңыз.
- Бұйымды құрастыру және монтаждау «Орнату жөніндегі нұсқаулық» бөліміне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Дұрыс емес құрастыру зақымдану мен жарқатқа әкелуі мүмкін.
- Орнатпас бұрын құрамдастар тізіміне сәйкес барлық бөлшектердің бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір бөлшектер жетіспесе немесе зақымдалған болса, сатушыға хабарласыңыз.
- Өнімді орнатуды тек білікті мамандар жүзеге асыруы керек.
- Бұл кронштейн тек үй-жайларда пайдалануға арналған.
- Көтергіш қабырға теледидар орнатылған кронштейннің салмағын көтере алатынына көз жеткізіңіз.
- Жинақтағы орнату бұрамашегелерін пайдалану қажет. Бұрандалар мен бұрамашегелерді мықтап қатайтыңыз, бірақ тартпаңыз. Шамадан тыс тарту элементтерге зақым келтіруі мүмкін. Бұл олардың ұстау қабілетін айтарлықтай төмендетеді.
- Кронштейннің жақсы бекітілгенін және оны пайдалану қауіпсіз екенін үнемі тексеріп отыру керек (кем дегенде үш айда бір рет).
- Кронштейннің қаптамасында жұтылған жағдайда тұншығу қаупін тудыратын ұсақ бөлшектер бар. Мұндай бөлшектер балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек.
- Кронштейн коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Өнім мен оның құрамдас бөліктері балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған.

Орнату және пайдалану

Құрастыру

Кронштейн адаптерлері қазірдің өзінде жинақталған және теледидарға бекітуге дайын. Қосымша құрастыру немесе реттеу қажет емес.

1. Барлық мазмұнды қораптан шығарып, алдыңызға қойыңыз.
2. Орнату бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

Құлаудан қорғау

- Адаптердің төменгі жағында теледидарды қабырғаға қосымша бекітуге арналған бұрандалы тесіктер бар. Техниканың құлауын болдырмау үшін екі М4×40 бұрандасын (жинаққа кіреді) ұзын айқыш бұрағышпен артық күш жұмсамай тесіктерге тірелгенше бұраңыз.
- Әдепкі бойынша, кронштейн қабырғаға 4 нүктеге бекітіледі. Сондай-ақ, құрылымда қосымша сенімділік үшін пайдалануға болатын 4 қосымша саңылау бар.

Көлбеу бұрышын реттеу

Ыңғайлы көру және жарықты азайту үшін теледидардың бұрышын өзгертуге болады.

Теледидарды еңкейту үшін:

1. Бір қолыңызбен теледидардың түбіне (ортасында) аздап қысым жасаңыз.
2. Екінші қолыңызбен көлбеуді біркелкі реттеу үшін үстіңгі жағын ұстаңыз.

Теледидарды бастапқы қалпына келтіру үшін:

1. Бір қолыңызбен теледидардың жоғарғы жағына (ортасында) аздап қысым жасаңыз.
2. Көлбеуді біркелкі реттеу үшін екінші қолыңызбен астыңғы жағын ұстаңыз.

Ескертпелер

- Қауіпсіздік пен дәлдік үшін барлық әрекеттерді екі қолмен орындаңыз.
- Кенеттен қозғалыстардан аулақ болыңыз.

Қажетті құралдар мен бекіту жинағы

- Айқыш бұрағыш немесе бұрамашеге бұрағыш.
- Құрылыс су немесе лазер деңгейі.
- Перфоратор.
- Маркер.
- Балға.



М6×16
бұранда
4 дана



6×70 бұра-
машеге
4 дана



М8×25
дюбель
4 дана



М8×25
бұранда
4 дана




М4×40
бұранда
2 дана


Орнату

Ескертпелер


- М4х40 болттары кронштейн адаптерлеріне алдын ала орнатылған және жарылуға қарсы механизм ретінде пайдаланылады.
 - Орнату үшін сізге жеткізілімге кірмейтін құралдар қажет.
 - Кронштейнді орнатуды және теледидарды ілуді кем дегенде 2 адам жүзеге асыруы керек.
1. Диаметрі 10 мм қоңырмен қабырғаға тесік бұрғылаңыз. Содан кейін балғамен 10×62 дюбельдерді алынған тесіктерге салыңыз.



2. Төмендегі суретте көрсетілгендей, металл кронштейн адаптерлерін теледидардың артына бекітіңіз. Адаптерлерді М6х16 немесе М8х25 бұрандаларымен теледидардың артқы жағына бекітіңіз. Бұрандалардың өлшемін таңдау теледидардың бекіту тесіктеріне байланысты.



3. Жақтаудағы тесіктерді қабырғадағы дюбельдерге жалғау арқылы кронштейн жақтауын қабырғаға бекітіңіз. Жақтауды қабырғаға 6x70 бұрамашегелермен бұраңыз. Бұрамашегелерді қатайту үшін кілтті пайдаланыңыз.
4. Теледидарды жақтауға орнатылған адаптерлермен бекітіңіз. Орнату аяқталды.



Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: ТВ-90Т.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Максималды жүктеме: 60 кг.
- Қабырғадан максималды қашықтық: 60 мм.
- Қабырғадан минималды қашықтық: 60 мм.
- Экранның максималды диагоналы: 95".
- Экранның минималды диагоналы: 37".
- Үйлесімді VESA: 100 × 100; 100 × 200; 200 × 100; 200 × 200; 200 × 400; 400 × 200; 400 × 400; 600 × 400.
- Реттеу түрі: көлбеу.
- Жоғары көлбеу бұрышы: 2°.
- Төмен көлбеу бұрышы: 15°.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.

Жиһазталым

- Кронштейн.
- Бекіту жинағы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Өнімді орнату ережелері мен шарттары осы нұсқаулықта «Орнату» бөлімінде сипатталған.
- Өнімді сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 10 °С-тан 25 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Өнімді тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Өнім мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Өнімді өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Егер өнімнің ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе өнімді тастаңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: «КС-ГРУПП» ЖШҚ.

426008, Ресей, Ижевск қ., Пушкинская к-сі, 268 үй.

Ресейде жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде өнімнің үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 84 ай.

Пайдалану мерзімі: 84 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялары).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымның қатқыл магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.

